



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 1995 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ИНДИКАТИВТІ ЖОСПАРЫН ӘЗІРЛЕУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 29 сәуір  
1994 ж. N 452

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік-экономикалық дамуының ағымдағы индикативті жоспарларын әзірлеудің тәртібі бекітілсін (қоса берілп отыр).

Министрліктер, ведомстволар, ұлттық акционерлік және мемлекеттік холдинг компаниялары, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері, басқа да мемлекеттік басқару органдары Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне материалдардың бекітілген Тәртіпке сәйкес дер кезінде табыс етілуін қамтамасыз етсін.

Қаржы-өнеркәсіп топтарына, экономиканың мемлекеттік емес секторындағы кәсіпорындар мен ұйымдарға индикативті жоспарлар әзірлеуге қатысу ұсынылсын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі 1994 жылғы 1 қазанға дейін:

Қазақстан Республикасының 1995 жылға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативті жоспарын;  
2000 жылға дейінгі кезеңге арналған ірілендірілген макро-экономикалық болжамды әзірлеуді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 29 сәуірдегі  
N 452 қаулысымен  
Бекітілген

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының ағымдағы индикативті жоспарларын әзірлеу  
ТӘРТІБІ

## Аталған Тәртіп Қазақстан Республикасының

әлеуметтік-экономикалық дамуын индикативті жоспарлаудың Қазақстан Республикасының Экономикалық өзгерістердің ұлттық кенесі 1993 жылғы маусым айында мақұлдаған Тұжырымдамасына сәйкес әзірленді.

1. Республиканың министрліктері мен ведомстволары, жергілікті әкімдері, ғылыми мекемелері жыл сайын 1 мамырға дейін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне жоспарланатын жылдағы экономикалық саясаттың тиісті бағыттары бойынша, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызмет жағдайын реттейтін заңдық және нормативтік актілерді жаңадан қабылдау немесе олардың қолданылып жүргендерін өзгерту жөнінде ұсыныстар, сондай-ақ олар қабылданған ретте беретін ықтимал нәтижелерінің сарапшылық бағасын табыс етеді.

Ұсыныстар Қазақстан Республикасының экономикалық стратегиясы, ұзақ мерзімді және орташа мерзімді жоспарлардың негізгі міндеттері, Дағдарысқа қарсы шаралар мен экономикалық реформаны тереңдегу бағдарламасы ескеріліп әзірленеді.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Еңбек министрлігі және Қазақстан Республикасының Статистика мен талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті Ұлттық банкімен бірлесіп, 1 мамырға дейін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне оның сұрау салуы бойынша макроэкономикалық болжам мен жоспар әзірлеу кезінде министрліктерге, ведомстволарға мемлекеттік басқарудың басқа да органдарына, облыстардың, Алматы және Ленинск қалалық әкімдеріне қаржы-өнеркәсіп топтарына бағдар ретінде жіберілетін көрсеткіштерді әзірлеу үшін қажетті ақпаратты табыс етеді.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі экономикалық саясаттың тарамдарын мұдделі министрліктермен, ведомстволармен, жергілікті әкімдермен, ғылыми және басқа да ұйымдармен келісе отырып, 20 мамырға дейін қарайды.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жоспарланатын жылдың алдындағы жылғы 10 маусымға дейін жүргізілген жұмыстың негізінде мемлекеттік экономикалық саясаттың басты бағыттары оны жүзеге асыру жөніндегі Үкімет іс-қимылдарының жоспары бойынша ұсыныстарды және жоспарланатын жылдағы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының аса маңызды макроэкономикалық көрсеткіштерінің бағасын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етеді.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті табыс етілген материалдарды 20 маусымнан кешіктірмей қарайды.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жоспарланатын жылдағы мемлекеттік-экономикалық саясаты, Үкіметтің іс-қимыл жоспарын Үкімет қарап, мақұлдағаннан кейін экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын, индикативті

жоспарды өзірлеуге арналған нысандар мен көрсеткіштерді, сондай-ақ жоспарланатын жылдағы жоспарларды талдап жасауға бағдар ретінде пайдаланатын болжамды экономикалық ақпаратты министрліктерге, ведомстволарға, ұлттық акционерлік және мемлекеттік холдинг компанияларына, басқа да мемлекеттік басқару органдарына, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдеріне, қаржы-өнеркәсіп топтарына бір апталық мерзімде:

- аса маңызды демографиялық және макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамын;
- экономикалық реттеудің ұсынылатын өлшемдерін;
- ірілендірілген өндіріс балансының және өнімдерді тұтынудың, жұмыс атқару мен қызмет көрсетудің негізінде мемлекет мұқтажы (мемлекеттік сатып алу) мен экспортты ескеріп, республика халық шаруашылығының стратегиялық өнім түрлері өндірісіндегі қажеттіліктерінің болжамын;
- Үкіметтің экономикалық саясатындағы басымдылықтарға сәйкес мемлекеттік кредиттік ресурстардың көзделіп отырған бағыттарын хабарлайды.

4. 3-тармақта аталған материалдар кәсіпорындар мен ұйымдарға бір апта мерзімде төмендегідей тәртіппен хабарланады:

- мемлекеттік меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдарға - министрліктер, ведомстволар, ұлттық және мемлекеттік холдинг компаниялары, басқа да мемлекеттік басқару органдары;
- мемлекеттік емес кәсіпорындар мен ұйымдарға - облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері;
- қаржы-өнеркәсіп топтары, холдинг компаниялары және басқа да бірлестіктер құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдарға - тиісті құрылымдар хабарлайды.

5. Кәсіпорындар мен ұйымдар алынған ақпарат негізінде өзінің даму жоспарын дербес түрде айқындаиды, жоспарланатын жылға арналған өндірістік бағдарламаларды қалыптастырады және өздерінің ниеттері туралы тиісті мемлекеттік басқару органдарына, жергілікті әкімдерге қаржы-өнеркәсіп топтарына 1 тамыздан кешіктірмей хабарлайды.

6. Министрліктер, ведомстволар, ұлттық-акционерлік және мемлекеттік холдинг компаниялары, басқа да мемлекеттік басқару органдары, жергілікті әкімдер, қаржы-өнеркәсіп топтары қорытындыланған ақпаратты 15 тамыздан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне жібереді.

7. Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің жобасымен және республика Ұлттық банкінің кредиттік ресурстарының болжамымен өзара сабактастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне және Ұлттық банкке индикативті жоспардың алдын-ала көрсеткіштерін - 10 маусымға дейін, ал нақтыланған көрсеткіштерін - 1 қыркүйекке дейін хабарлайды.

8. Индикативті жоспардың жобасы мемлекеттік бюджеттің жобасымен бір мезгілде 1 қазаннан кешіктірілмей республика Үкіметіне табыс етіледі.

9. Экономикалық мемлекеттік басқару органдарының қатысуымен Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі индикативті жоспардың жобасы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінде қаралғаннан кейін оны пысықтауды қамтамасыз етеді және оның түпкілікті нұсқасын республикалық бюджет жобасының түпкілікті нұсқасымен бір мезгілде 1994 жылғы 1 қарашадан кешіктірмей республика Үкіметіне табыс етеді.

10. Осы Ереже ағымдағы индикативті жоспарларды әзірлеудің тәртібі мен мерзімін реттейтін жаңа құжат қабылданғанға дейін қолданылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК